

"Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1613 жарлығын жүзеге асыру туралы <*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 3 қазан 1994 ж. N 1099. Текстiң iшiнде сөздер алмастырылды - ҚРМК-нiң 1995 жылғы 27 қаңтардағы N 98 қаулысына сәйкес. Күшi жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетiнiң 1995.08.01. N 1058 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Бағалы қағаздар нарығын қалыптастыру жөніндегі шаралар туралы" 1994 жылғы 20 наурыздағы N 1613 Жарлығын орындау үшін және Қазақстан Республикасының "Бағалы қағаздар мен қор биржасы туралы" Заңы қабылданғанға дейін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Бағалы қағаздар шығару мен олардың айналымы және қор

биржасы туралы Уақытша ереже және бағалы қағаздар туралы Уақытша ереже бекітілсін (қоса тіркеліп отыр).

2. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы

бір ай мерзім ішінде "Бағалы қағаздар мен қор биржасы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне ұсынатын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 3 қазандағы

N 1099 қаулысымен

Бекітілген

Бағалы қағаздар шығару мен олардың айналымы

және қор биржасы туралы Уақытша

Ереже

I. Жалпы ережелер

1. Бағалы қағаз ретінде түпнұсқаны көрсеткенде жүзеге асырылуы немесе үшінші жаққа берілуі мүмкін мүліктік құқты куәландыратын міндетті реквизиттері бар құжат танылады.

Бағалы қағаздар қағазға басылған бланк түрінде немесе "Депо" шоттарында жазу түрінде болуы мүмкін.

Бағалы қағаз шоттардағы жазу түрінде айналымда болғанда бағалы қағаздардың иесі өзінің мүліктік құқығын бағалы қағаздармен сақтау, есепке алу және есеп айырысу операцияларын жүргізетін мамандандырылған ұйымдар арқылы жүзеге асырады.

2. Бағалы қағаздардың айналымы дегеніміз - алғашқы орналастыруды қоспағанда олардың сатып алынуы мен сатылуы және басқа да Қазақстан Республикасының Заңдарында қарастырылған іс-әрекеттері.

Бағалы қағаздардың алғашқы нарығы - бұл бағалы қағаздарды шығару мен оларды инвесторлар арасында жаздыру мен оларды инвесторлар арасында жаздыру мен тарату.

Бағалы қағаздардың екінші нарығы - бұл бұрын шығарылған бағалы қағаздармен жасалатын келісім-шарттар.

3. Осы Уақытша ереженің күші бағалы қағаздардың мына түрлеріне қолданылады:

- а) акциялар;
- б) облигациялар;
- в) мемлекеттік борыштық міндеттемелер;
- г) банкілік (депозиттік) сертификаттар;
- д) коммерциялық вексельдер;
- е) туынды бағалы қағаздар.

Жергілікті заемдардың мемлекеттік бағалы қағаздары мен облигациялары бағалы қағаздар нарығында өзге бағалы қағаздармен бірдей негізде айналысқатүседі.

4. Қазақстан Республикасының Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы (бұдан былай - Ұлттық комиссия) осы Уақытша ережені бағалауға, анықтамалар беруге және оның күшін бағалы қағаздардың Уақытша ережеде көрсетілмеген жаңа түрлеріне таратуға құқықты.

5. Осы Уақытша ереже мемлекет толық кепілдік берген мемлекеттік

борыштық міндеттемелерді тіркеуге қолданылмайды.

II. Бағалы қағаздарды айналымға салу жөніндегі

қ ы з м е т

6. Бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушылары болып 7-тармақта көрсетілген қызметтердің бір немесе бірнеше түрін жүзеге асыратын және бағалы қағаздар нарығында кәсіпқой қызмет атқаруға лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалар саналады.

Бағалы қағаздар нарығында кәсіпқой қызметпен лицензиясыз айналысуға жол берілмейді.

Лицензия бағалы қағаздар кәсіпқой қызметінің бірнеше түрімен бір уақытта айналысуға немесе қызметтің жекелеген түріне берілуі мүмкін.

Лицензияны бергені үшін мөлшері мен төлеу тәртібі қолданыстағы заңмен анықталатын алым алынады.

7. Бағалы қағаздар нарығында мынадай қызмет түрлері атқарылуы мүмкін:

брокерлік (делдалдық) қызмет - клиенттің есебінен және тапсырмасы бойынша бағалы қағаздармен операциялар жасау;

дилерлік (коммерциялық) қызмет - кәсіпқой қатысушының өз атынан және өз есебінен бағалы қағаздармен іскерлік келісімдер жасау;

депозитарлық қызмет;

қызметтің басқа салалары (министрліктің анықтау бойынша).

8. Бағалы қағаздар нарығындағы банктердің қызметі Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы банктер туралы", "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" заңдарымен реттеледі.

9. Инвестициялық қордың (өзара инвестициялау қоғамы) бағалы қағаздар нарығындағы кәсіпқой қызметі Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін тиісті Ережемен реттеледі.

10. Ұлттық комиссия бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларына (заңды тұлғаларға) мынадай талаптар қоя алады:

штатта лицензиясы бар мамандардың болуы;

инвесторлар алдында мүліктік жауапкершілігі болуы үшін соған қажетті ең төменгі өзіндік капиталы болуы;

бағалы қағаздармен жасалатын операцияларды дәл және толық көрсететін есеп пен есеп беру жүйесін ұйымдастыру.

Банкілерге бағалы қағаздар нарығында делдалдық жұмыстар жүргізу құқығына лицензия беру Ұлттық комиссиясы жалпы тәртібімен іске асырылады.

11. Егер өзінің штатында министрліктің бағалы қағаздармен жұмыс істеуге құқықты лицензиясы бар маманы болмаса, кәсіпқой қатысушының бағалы қағаздардың нарығында бағалы қағаздармен жұмыс жасауға құқығы болмайды.

Кәсіпқой қатысушының атынан келісім жасау құқығына тек қана лицензиясы бар маман ғана ие бола алады.

12. Ұлттық комиссия бағалы қағаздар нарығында кәсіпқой жұмыс жүргізу құқығына лицензия берудің реті мен тәртібін айқындайды.

13. Ұлттық комиссия Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларын лицензиялау туралы Нұсқауға сәйкес лицензияның күшін жою немесе оны тоқтата тұруы мүмкін.

Маман соттың шешімі бойынша да лицензиядан айырылуы мүмкін. Бағалы қағаздар нарығында делдалдық қызмет жүргізу құқығын беретін лицензиядан айырылған маман бұл шешімге қарсы белгіленген тәртіппен сотқа шағымдануға құқығы бар.

14. Егер кәсіпқой қатысушы Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңы бойынша банкрот деп жарияланса, ол лицензиясынан айырылады.

15. Ұлттық комиссия келісімдерді тіркеу мен рәсімдеудің, бағалы қағаздардың есебін жүргізу мен бірегей ережесін белгілейді. Банкілер үшін бағалы қағаздар бойынша операциялардың есебін жүргізу мен есеп берудің тәртібін министрлік Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан былай - Ұлттық Банк) келісімімен белгілейді.

III. Бағалы қағаздарды айналымға шығару (эмиссия)

16. Бағалы қағаздарды айналымға шығару (эмиссия) - эмитенттің (өз атынан бағалы қағаздарды айналымға шығару шартынан туындайтын міндеттемелерді алуға келіскен заңды тұлғаның немесе олардың агенттерінің бағалы қағаздарды олардың алғашқы иелеріне (инвесторларға) - жеке және заңды тұлғаларға сатуы.

Эмиссия мына жағдайларда жүзеге асады:

акционерлік қоғам құрғанда және акцияларды оның құрылтайшылары арасында орналастырғанда;

акция шығару жолымен акционерлік қоғамның алғашқы жарғы капиталының (қордың) көлемін ұлғайтқанда;

облигациялар мен өзге де борыштық міндеттемелер басып шығару жолымен заңды тұлғалардың займ капиталын ұйымдастырғанда.

17. Акционерлік қоғам мемлекеттік тіркеуден кейін үш ай мерзім ішінде акциялардың эмиссиясын тіркеуден өткізіп, оларды эмиссияның мемлекеттік тіркеу номерін алған күннен алты айдан аспайтын мерзімде шығаруға міндетті.

Акционерлік қоғам мүшелері арасында орналастыру үшін акциялар шығару Қазақстан Республикасының "Шаруашылық серіктестіктері және акционерлік қоғамдар компаниялар туралы" заңының, Қазақстан Республикасының

Министрлер Кабинеті бекітетін бағалы қағаздар туралы Уақытша ереженің талаптарына сай жүзеге асырылады.

Бағалы қағаздардың иелері ортақ үлес құқығымен оларды арнайы мекемелерде (депозитария) сақтауға сеніп тапсыруы мүмкін.

18. Бағалы қағаздар эмиссиясы төмендегі түрде іске асырылады:

а) бағалы қағаздарды инвесторлардың шектелмеген көпшілік бөлігінің ортасында ашық (жария түрде) орналастырып, жария құлақтандыру жасаумен, жарнамалау шараларын өткізу мен эмиссия проспектісін тіркеу;

б) бұрыннан белгілі шектеулі сандағы инвесторлар арасында эмиссия проспектісін бере отырып, жабық (жеке) орналастыру.

Акционерлік қоғамды құрған кезде, акция эмиссиясын тек қана жабық (жеке) түрде эмиссия проспектісін бермей орналастыру іске асырылады.

19. Акционерлік қоғам құрылғанда акцияларға ашық жазылуды акционерлік қоғамның негізін салушы құрылтайшылары ұйымдастырады. Мұндай жағдайда құрылтайшылар, ал акционерлік қоғамды тіркегеннен кейін - акционерлер " Шаруашылық серіктестіктері және акционерлік қоғамдар, компаниялар туралы" заңда белгіленген мөлшердегі акциялардың ұстаушылары болуы тиіс.

Құрылтайшылар алдағы өтер жазылу туралы бұқаралық ақпарат құралдарында хабарламалар жариялайды, онда болашақ акционерлік қоғамның фирмалық атауы, заты, оның қызметінің мақсаты мен мерзімі, акционерлердің құрамы, акционерлердің жалпы жиналысын өткізу күні, жарғылық қордың шамамен алғандағы көлемі, акцияның номиналдық құны, оның саны мен түрі, өткізу орны, акцияға жазылудың бастапқы және соңғы мерзімі, акционерлер зағтай түрде енгізетін мүліктің құрамы, алғашқы жарна алынатын банктің атауы мен есеп айырысу шоты көрсетілуге тиісті. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша көрсетілген хабарламаға басқа да деректер е н г і з і л у і м ү м к і н .

20. Эмиссияны ресми тіркеуден өткізген күннен бастап, акцияның кез-келген шығарылымына жазылу мерзімі алты айдан (183 күнтізбе уақыты) аспауы керек.

21. Акция жазылуына қатысушы адамдар - өздері жазылатын акцияның номиналдық құнының 10 проценттен кем емес мөлшеріндегі жарнаны алдын-ала эмитенттің шотына аударуы тиіс, содан соң оларға акцияның тиісті мөлшерін сатуға жазбаша міндеттеме береді.

Хабарламада көрсетілген мерзім өткен соң жазылу тоқтатылады. Егер бұл сәтке дейін жарияланған жарғылық капиталдың (қордың) 60 проценті төленбесе, эмитенттің бұл шығарымы іске аспады деп мойындалады, ал акцияға жазылғандардың ақшалай қаржылары немесе басқа мүліктері 30 күн ішінде қ а й т а р ы л а д ы .

22. Эмитенттің барлық акциялары құрылтайшылар арасында бөлінетін

жағдайда құрылтай конференциясын шақырған күнге дейін олар акцияның номиналдық құнының 50 процентін аударуға тиісті.

23. Эмитент пен шығаруға кепілдік берушілер (егер ондайлар болса), сондай-ақ, эмитентпен келісім бойынша бағалы қағаздарды олардың бірінші иегеріне сатуды жүргізетін кәсіпқой қатысушылар бұл қағаздарды сатып алғанға дейін әрбір сатып алушының сатудың шарттарымен және эмиссия проспектісімен танысуына мүмкіндік туғызуды қамтамасыз етуге міндетті және Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген тәртіппен эмиссия проспектісінде хабарланған ақпараттың шынайылығына толық жауапты болады.

24. Эмиссия проспектісі сатуға ұсынылған бағалы қағаздар эмитенті бұл қағаздарды сатып алу туралы немесе оларды сатып алудан бас тарту шешімге әсер ететін оларды шығару тәртібін және басқа да ақпараттарды қамтиды.

Эмиссия проспектісін шығару тәртібі, оны тіркеу, сондай-ақ, оларда міндетті түрде жарияланатын мәліметтер тізімін министрлік белгілейді, банкілер немесе өзге де кредиттік мекемелер болып табылатын эмитенттер үшін эмиссия проспектілерінде қамтылатын мәліметтер тізімін министрлік Ұлттық Банктің келісімімен анықтайды.

25. Бағалы қағаздар тіркеу кезінде оны төлеудің көлемі мен реті қолданылып жүрген заңдармен анықталатын салық ұсталынады.

26. Министрлік бағалы қағаздардың эмиссия проспектісінде қамтылған мәліметтердің толықтығына ғана жауапты, бірақ бұл мәліметтердің шынайылығына жауап бермейді.

Ұлттық комиссия инвесторларды қорғау мақсатында эмиссия проспектісіндегі келтірілген мағлұматтарға іс жүзінде ішінара тексеру жасауға құқылы.

23. Эмитенттің келісімімен шығарылған бағалы қағаздарды бірінші иегеріне сатуды жүзеге асырушы эмитенттер немесе дилер фирмалары (кәсіпқой қатысушылар) және басқа да заңды тұлғалар эмиссия проспектілерінде шындыққа жанаспайтын немесе толық емес мәліметтер көрсетсе, сондай-ақ, шығару процесінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының талаптары мен осы Уақытша ережені бұзса, министрлік бағалы қағаздарды жарамсыз деп жариялауға, оларды шығаруды тоқтатуға немесе тіркеуден бас тартуға құқылы.

24. Эмиссия проспектісі сатуға ұсынылған бағалы қағаздар эмитенті бұл бағалы қағаздарды сатып алу туралы немесе оларды сатып алудан бас тарту туралы шешімге әсер ететін оларды шығару тәртібін және басқа да ақпараттарды қамтиды.

Эмиссия проспектісін шығару тәртібі, оны тіркеу, сондай-ақ, оларда міндетті түрде жарияланатын мәліметтер тізімін министрлік белгілейді, банкілер немесе

өзге де кредиттік мекемелер болып табылатын эмитенттер үшін эмиссия проспектілерінде қамтылатын мәліметтер тізімін министрлік Ұлттық Банктің келісімімен анықтайды.

25. Бағалы қағаздар тіркеу кезінде оны төлеудің көлемі мен реті қолданылып жүрген заңдармен анықталатын салық ұсталынады.

26. Ұлттық комиссия бағалы қағаздардың эмиссия проспектісінде қамтылған мәліметтердің толықтығына ғана жауапты, бірақ бұл мәліметтердің шынайылығына жауап бермейді.

Ұлттық комиссия инвесторларды қорғау мақсатында эмиссия проспектісіндегі келтірілген мағлұматтарға іс жүзінде ішінара тексеру жасауға құқылы.

27. Эмитенттің келісімімен шығарылған бағалы қағаздарды бірінші иегеріне сатуды жүзеге асырушы эмитенттер немесе дилер фирмалары (кәсіпқой қатысушылар) және басқа да заңды тұлғалар эмиссия проспектілерінде шындыққа жанаспайтын немесе толық емес мәліметтер көрсетсе, сондай-ақ, шығару процесінде Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарының талаптары мен осы Уақытша ережені бұзса, министрлік бағалы қағаздарды жарамсыз деп жариялауға, оларды шығаруды тоқтатуға немесе тіркеуден бас тартуға құқылы.

Ұлттық комиссия эмиссияның мемлекеттік тіркеу номерін алғанға дейін бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздарды жарнамалауға тыйым салынады.

28. Ұлттық комиссия бағалы қағаздардың жекелеген шығарылымдары мен түрлерін (айталық, ашық құлақтандырусыз таратылатын) эмиссия проспектісін тіркеуден босатуға және мұндай босатудың ережесі мен тәртібін анықтауға құқылы.

Жабық акционерлік қоғамды тіркеу құрылтайшылар (акционерлер) арасында орналасатын акция шығаруды тіркеудің негізі болып табылады. Жекеше орналастыру түрінде айналымға шығарылған бағалы қағаздарды тіркеуден бас тартуға жол берілмейді.

29. Ұлттық комиссия Қазақстан Республикасында тіркелген бағалы қағаздардың (банктердің бағалы қағаздарын қоса есептегенде) мемлекеттік тіркемесін (реестр) жүргізеді және қайтадан тіркелген бағалы қағаздардың тізімін кем дегенде айына бір рет жүйелі түрде жариялап отырады.

30. Кәсіпқой қатысушылар (эмитенттің келісімі бойынша) мынадай жағдайда бағалы қағаздар шығаруға кепілдік берушілер мен ұйымдастырушылар бола алады:

инвесторларға қайта сату мақсатымен барлық шығарылымды тіркелген бағамен сатып алуға міндеттеме алса (22-тармақта көрсетілгендей акцияның

бірінші иегеріне сатылған бөлігінен басқасы);

шығарылған бағалы қағаздардың сыртқары инвесторлар арасында орналасып болмаған бөлігін айтылған уақыт ішінде өз есебінен сатып алса.

Шығарылымның таратылмаған бөлігін сатып алу жөніндегі міндеттемені өз мойнына алмай кәсіпқой қатысушылар эмитенттер атынан бағалы қағаздарды инвесторларға сатуды өз міндеттеріне алуына болады.

31. Кәсіпқой қатысушылар бір эмитенттің бағалы қағаздарын шығаруды бірігіп ұйымдастыру үшін уақытша бірлестіктер (консорциумдар немесе синдикаттар) құра алады. Кәсіпқой қатысушылардың консорциум (синдикат) көлеміндегі өзара қатынас тәртібі олардың көп жақты келісімімен айқындалады. Эмитент пен консорциумның (синдикаттың) арақатынасы тәртібі эмитент пен бас кәсіпқой қатысушының арасындағы уақытша бірлестігі келісімімен айқындалады.

IV. Бағалы қағаздардың айналымы

32. Бағалы қағаздармен жасалған келісім белгіленген тәртіппен оларды рәсімдегеннен кейін ғана заңды деп саналады. Келісімді жасау мен тіркеу ережесін министрлік белгілейді.

33. Бағалы қағаздардың курсы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында айқындалады және жарияланады.

34. Бағалы қағаздарды сатып алу мен сатудың әрбір келісімі бойынша төлемінің көлемі мен тәртібін Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңы анықтап, оған салық алынады.

35. Эмитент немесе кәсіпқой қатысушы бағалы қағаздарды инвесторға сату кезінде; бағалы қағазды сатып алуға байланысты тәуекел, оның табыстылығы, одан табыс алудың тәртібі мен мерзімі, салық салу тәртібі туралы келісім негізі болып табылатын осы бағалы қағаздар жөнінде толық объективті хабарлар беруге міндетті.

36. Капиталдың өсіміне салық салу туралы заң актісін қабылдағанға дейін бағалы қағаздың сату бағасы мен оны кейін қайта сатудың арасындағы айырма түрінде анықталған табысқа, сондай-ақ орнын жабуға Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңында қарастырылған жалпы тәртіппен салық салынады.

37. Бір заңды немесе жеке тұлға, ия болмаса бір-бірімен келісім арқылы байланысқан яки бір-бірінің мүлкіне бақылау жасайтын бір топ адам әлдеқандай эмитент акцияларының 5 проценттен астамын сатып алғаннан кейінгі бес күн ішінде министрлікке хабарлау қажет етіледі. Бұл ереже акционерлік қоғамның құрылтайшыларына оны құру кезінде қолданылмайды.

38. Осы Уақытша ереженің министрлікке хабарлау және оның келісімін алуға

катысты 37-тармағының талаптарын бұзу - жасалған келісімді жарамсыз деп т а н у ғ а н е г і з б о л а д ы .

Осы Уақытша ереженің 37-тармағында көрсетілген келісімдер туралы мәліметтер осы келісімге қатысушылардың коммерциялық құпиясы ретінде т а н ы л м а й д ы .

39. Құпия ақпарат пайдалану арқылы бағалы қағаздармен келісім жасауға тыйым салынады. Кез-келген біле алмайтын эмитенттер немесе бағалы қағаздар туралы (яғни бұқаралық ақпарат құралдарында эмитент жарияланған бағалы қағаздарды жаппай шығару проспектілерінен, кезеңдік есеп берулер мен ақпарат материалдарынан алынған) және олардың пайдаланылуы эмитенттің немесе инвестордың материалдық мүдделеріне зиянын тигізу ықтимал ақпарат құпия б о л ы п е с е п т е л е д і .

40. Өз қызметтерінің бабына байланысты құпия ақпарат қолы жететін эмитент қызметшілеріне, кәсіпқой қатысушыларға және мемлекеттік бақылау мен басқару органдарына оны жария етуге, инвестициялық ақыл-кеңес алмасуларда және жеке инвестициялау мақсаттарында пайдалануға тыйым с а л ы н а д ы .

V . Қ о р б и р ж а с ы

41. Қор биржасы (бұдан былай - биржа) бағалы қағаздар мен несие ресурстарының тиімді айналымына, келісімдердің кепілдігіне қажетті жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында бағалы қағаздар нарығына қатысушыларға ұйымдастырушылық және басқа да қызметтер көрсететін ұйым б о л ы п т а б ы л а д ы .

Биржа заңды тұлға болып саналады және ол меншіктің кезкелген түрінде қ ұ р ы л а д ы .

42. Биржа өз қызметінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік өкімет пен басқарудың өкілдік және атқарушы органдарына тәуелді емес. Ол өз қызметін осы Уақытша ережеге сәйкес; тіркеу кезінде министрлікпен келісілген жарғы, биржалық сауда ережелері, басқа да ішкі ережелер мен тәртіп негізінде жүзеге асырады. Жарғы мен биржалық сауда ережелеріндегі өзгерістер министрлікпен к е л і с і л е д і .

43. Биржа өзін-өзі ақтау негізінде құрылады, алайды өз

қызметінде биржа мүшелеріне кіріс төлемейді. Биржаның кірістері өз қызметін жүзеге асыруға байланысты туындайтын шығындардың орнын толтыруға, техникалық және әлеуметтік дамуға пайдаланылады.

44. Қор биржалары ретінде тіркелмеген коммерциялық және делдалдық құрылымдар қор биржаларының міндетін атқара алмайды.

Қор биржасы тауар биржасының қызметін атқаруға құқты емес.

45. Заңды және жеке тұлғалар арасында қаржы ресурстарын қайта бөлуге, бағалы қағаздар нарығының қалыптасуы мен дамуына, бағалы қағаздардың тиімді айналымына келісімдердің кепілдігіне қажетті жағдайлар жасау биржаның негізгі міндеттері болып табылады.

46. Биржа өз міндеттерін жүзеге асыру үшін:

биржа мүшелеріне ұйымдық, жарнамалық, ақпараттық, ақыл-кеңес берушілік және құқықтық қызмет көрсетеді;

бағалы қағаздардың құнын белгілейді;

өз бетінше талдау-зерттеу жүргізеді;

есеп айырысуды (клиринг) жүргізеді.

47. Қор биржасының құрылтайшылары заңды және жеке тұлғалар бола алады.

Қор биржасының ең төменгі жарғылық қорының мөлшерін министрлік айқындайды.

Биржаның тіркеуді бағалы қағаздармен биржалық қызмет жүргізуге құқық лицензиясын бере отырып, министрлік жүргізеді.

48. Бағалы қағаздармен биржалық қызмет жүргізуге құқық лицензиясын алу, мұндай лицензиялардың іс-әрекетін тоқтату және оларды қайтып алу тәртібін министрлік белгілейді.

Егер құрылтай құжаттары мен биржалық сауда ережелері осы

Уақытша ережелер мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарына сәйкес келсе, бағалы қағаздармен биржалық қызмет жүргізуге лицензияны өтініш берген күннен бастап отыз күнге дейінгі мерзім ішінде министрлік береді.

49. Заңды және жеке тұлғалар:

бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет жүргізуге лицензиясы болса;

биржаға кіруге жарна төлесе;

биржа саудасының Жарғысын, ережелерін, биржаның басқа да ішкі ережелері мен тәртібін сақтауға міндеттеме қабылдаса;

жыл сайын мүшелік жарна төлесе биржа мүшелері бола алады.

50. Осы Ережелердің 49-тармағындағы талаптарға жауап беретін шет елдің заңды және жеке тұлғалары биржаға мүше бола алады.

Биржаға мүшелікке қабылдау, мүшелікті тежеу мен тоқтату тәртібі

биржа Жарғысымен белгіленеді.

51. Биржа Жарғының негізінде жұмыс істейді.

Биржаның Жарғысында мыналар болуы тиіс:

биржаның аты, түрі және мекен-жайы;

заты мен қызмет түрі;

құрылтайшылардың аты мен мекен-жайы;

жарғылық қордың мөлшері;

биржа құрған басқа да қорлардың тізбесі мен құрылу тәртібі;

биржаға мүшелікке қабылдау, мүшелікті тежеу мен тоқтату тәртібі;

биржа мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;

биржа басқармасының органдары (биржа мүшелерінің жалпы жиналысы, биржа кеңесі және т.б.), олардың қызметі мен құқылары, шешім қабылдау тәртібі ;

шығындардың орнын толтыру тәртібі;
биржа қызметін тоқтату тәртібі.

Биржа мүшелерінің жалпы жиналысын, биржа кеңесінің басқармасының және басқа да басқару органдарының мәжілістерін өткізу мерзімдері, олардың қызметі мен құқылары, құрылу және шешімдер қабылдау тәртібі биржа Жарғысымен а й қ ы н д а л а д ы .

Мемлекеттік өкімет және басқару органдарының қызметшілері, сондай-ақ бағалы қағаздары биржада бағаланатын кәсіпорындардың бірінде басшы қызмет атқаратын адамдар биржаның басқару органдарына сайлана алмайды.

52. Биржа кеңесі басқарманың қызметіне бақылау жасайды, сондай-ақ Жарғыда көрсетілген басқа да қызметтерді атқарады.

Биржа кеңесінің мүшелері биржа құрылтайшылары, биржаның

мүшелері, сондай-ақ оның қызметкерлері арасынан сайланады.

Ұлттық комиссия

: биржа кеңесінің сайлауын өткізуге қатысты қосымша жағдайларды;

биржа кеңесінің мүшелері сайланатын мерзімдерді және оларды мерзімінен бұрын шақырып алу тәртібін;

биржа мүшелері арасынан және биржаға бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге биржалық сауда жарғысы ережелері белгілеген тәртіпте жіберілген адамдар, сондай-ақ биржада бағаланатын бағалы

қағаздар инвесторлары мен эмитенттері арасынан сайланатын биржа кеңесінің мүшелерінің санын анықтайды.

53. Биржа ақшалай жарналар мен алымдарды мынадай жағдайларда жинайды:

- биржа мүшелігіне өткені үшін;
- биржадағы мүшелігі үшін;
- биржа мүлкін пайдаланғаны үшін;
- бағалы қағаздарды листингке енгізгені үшін;
- биржалық келісім жасағаны және тіркегені үшін;
- биржа Жарғысында, биржалық сауда ережелерінде, биржаның ішкі ережелері мен тәртібінде көзделген мақсаттар үшін.

54. Биржаның кірісі:

- осы Ережелерде көрсетілген жарналар мен алымдар;
- бағалы қағаздармен операциялар жасауды делдалдық көрсетуден түскен қаржы;

биржа Жарғысында көрсетілген ақпараттық, ақыл-кеңес берушілік, сарапшылық және басқа да қызметтер көрсетуден алынған қаржы;

биржалық сауда ережелерінде көрсетілген айып есебінен жинақталады.

55. Биржа айналымында бағалы қағаздарға байланысты биржа саудасына қатынасушылар арасындағы тіркелген биржалық шарт (келісім, келісім-шарт) биржалық келісім болып саналады. Биржалық келісімдерді жасау мен тіркеу тәртібін биржаның өзі белгілейді. Биржада жүргізілген, алайда қалыптасқан тәртіп бойынша тіркелмеген

және жасалмаған келісімдер жарамсыз деп саналады.

56. Биржалық сауда Ережелерін биржа басқармасы белгілейді және министрлік бекітеді.

Ережелерде мынадай жағдайлар көрсетілуі керек:

- биржада сауда жүргізу тәртібі;
- биржада жасалынған келісімдер түрлері, оларды тіркеу мен есеп беру тәртібі;
- бағалы қағаздың нарықтың құнын белгілеу (котировка) тәртібі, оларды жариялау әдісі;
- есеп айырысу тәртібі мен әдістері;
- сауда өткізілетін уақыты мен орыны;
- биржалық келісімдер бойынша биржалық саудаға қатысушылар арасындағы дауларды шешу тәртібі;

бағалы қағаздарды биржада бағалауға жіберу тәртібі;
биржа айып салатын тәртіп бұзушылық тізбесі, айып мөлшері
және оларды алудың тәртібі;
алымдардың, тарифтердің, басқа да төлемдердің мөлшері,
биржаның оларды өндіріп алуының тәртібі;
биржалық саудаға қатысушылардың аты, олардың құқықтары мен
міндеттері;
министрліктің нормативті актілеріне сәйкес басқа да талаптар.

57. Биржалық саудаға биржа мүшелері және биржалық сауданың Жарғысы мен ережелері белгілеген тәртіппен қатысуға жіберілген басқа да адамдар қатыса
а л а д ы .

58. Бағалы қағаздар биржа айналымына биржалық сауда ережелерінде белгіленген тәртіппен жіберіледі.

Биржада айналысқа қабылданған бағалы қағаздар эмитенті мыналарға м і н д е т т і :

бағалы қағаздарды сақтау және есеп үшін депозиторийге орналастыруға;
инвесторлар мен Биржа кеңесін (немесе олардың өкілетті органдарын) өздерінің шаруашылық қызметі мен қаржы жағдайына, егер бұлар бағалы қағаздар бағасының өзгеруіне ықпал ететін болса немесе эмитенттің өздеріне қабылдаған міндеттемелерді шығарған кезде толық қамтамасыз етуге мүмкін болмауына әкеліп соғуына қатысты деректерді барлығымен дер кезінде хабардар етуге, осыларды биржаның баспасөз басылымдарында жариялауға;
өздерінің шаруашылық қызметі мен қаржы жағдайына байланысты есепті кем дегенде жылына бір рет жариялап отыруға.

59. Биржада жасалынған келісімдер (келісімнің жасалу дерегі, келісім түрі, бағалы қағаз түрі, құны және т.б.) туралы ақпарат көпшілік пайдаланатын ақпарат көздерінде көрсетілуі тиіс.

Биржа өткен айда жасалынған байлам бойынша жалпы статистикалық мәліметтер, биржалық сауда ережелеріндегі өзгерістер, биржалық кеңес, биржа мүшелерінің жалпы жиналысы қабылдаған шешімдер, биржа қызметі мен бағалы қағаздар нарығына қатысты басқа да ақпараттар туралы мерзімді бюллетеньдер ш ы ғ а р а д ы .

60. Биржа өз қызметін жауапсыз атқарғаны, осы Уақытша ережелерді, биржа Жарғысын, биржа саудасының ережелерін бұзған немесе коммерциялық құпияны жария еткен жағдайда Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдылықтарына сәйкес бағалы қағаздар нарығының субъектісіне келтірген з и я н д ы ө т е й д і .

61. Биржа бағалы қағаздармен операциялар өткізуге қызмет көрсететін қосымша құрылымдық бөлімшелер құруға құқылы.

62. Биржа өз қызметін биржа мүшелері жалпы жиналысының шешімі, сот органдарының шешімі, биржалық қызмет жүргізуге бұрын берілген лицензияны министрлік қайтарып алған жағдайларда тоқтатады.

Ұлттық комиссиясы бұрын берілген лицензияны қайтарып алу жөніндегі шешіміне сот тәртібімен шағым жасауға болады.

VI. Бағалы қағаздарды мемлекеттік тіркеу

63. Қазақстан Республикасының аумағында бағалы қағаздар шығарудың және оларды тіркеудің тәртібі мен ережесін министрлік белгілейді.

64. Мемлекеттік тіркеуден өткен және белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркеу нөмірін алған бағалы қағаздар ғана Қазақстан Республикасы аумағында шығаруға және айналымға жіберіледі.

Эмиссия мөлшеріне қарамастан банктердің немесе өзге несие мекемелерінің бағалы қағаздарын тіркеуді министрлік Ұлттық Банкінің сарабынан өткеннен кейін жүзеге асырады.

65. Мемлекеттік тіркелімге енгізбей бағалы қағаздар шығару - заңсыз болады және оларды иелеріне тартып алуға, эмитенттің бағалы қағаздар сатудан алған түсімдерін қайтарып алуға және оларды иелеріне қайтаруға, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңында көзделген басқа да айып шараларын қолдануға әкеліп соқтырады.

66. Шетел эмитенттері айналымға шығарған бағалы қағаздар Қазақстан Республикасы аумағында министрлікте мемлекеттік тіркелуі негізінде айналымға жіберіледі.

67. Эмитенттің бағалы қағаздарын дайындауды министрлік белгілеген тәртіппен бағалы қағаздарды дайындауға тиісті лицензиясы бар республиканың полиграфиялық кәсіпорындары жүзеге асырады.

68. Эмитент - министрліктен рұқсат алғаннан кейін Қазақстан Республикасынан сырт жерде бағалы қағаздарды дайындауға құқық ала алады.

69. Ұлттық комиссия бағалы қағаздар бланкілерінің түрлері бойынша қорғалу дәрежесі және басқа өлшемдер мен сипаттамалар бойынша талаптарды белгілейді.

VII. Қорытынды ереже

70. Ұлттық комиссия :

Қазақстан Республикасының заңдылығы көлемінде бағалы қағаздар нарығында биржадан тыс операциялар жүргізудің жалпы ережесін белгілейді;

Қазақстан Республикасында бағалы қағаздардың нарығын реттейтін осы

Уақытша ережені және өзге де заңдарды сақтауға бақылауды жүзеге асырады.

71. Бағалы қағаздар нарығының қатысушыларды бағалы қағаздар нарығының қызметін өздігінен реттеу мақсатында, өз мүшелері үшін кәсіпқойлық қалпын қолдау, қызметкерлерді дайындау, бағалы қағаздар нарығының қызметі мен жұмысының инфрақұрылымдарын дамыту, өз инвесторларының ұжымдық өкілдігі мен инвесторлар мүдделерін қорғау үшін кәсіпқой ұйымдар, ассоциациялар және кәсіпқой одақтар құруға құқылы;

кәсіпқой ұйымдар, бағалы қағаздар нарығы кәсіпқой қатысушыларының одақтары мен ассоциациялары Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті бекітетін бағалы қағаздар нарығының кәсіпқой қатысушыларының бірлестігі жөніндегі Ережеге сәйкес, олар тіркеуден өткен соң, жарғы негізінде жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1994 жылғы 3 қазандағы
N 1099 қаулысымен
Бекітілген

Бағалы қағаздар туралы
Уақытша ереже

I. Жалпы ережелер

1. Бағалы қағаз ретінде түпнұсқаны көрсеткенде жүзеге асырылуы немесе үшінші жаққа берілуі мүмкін мүліктік құқты куәландыратын міндетті реквизиттері бар құжат танылады.

2. Бағалы қағаздарға акциялар, облигациялар, мемлекеттік борыштық міндеттемелер, банктік (депозиттік) сертификаттар, коммерциялық вексельдер жатады.

3. Аталған бағалы қағаздармен қатар Қазақстан Республикасының аймағында Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы (бұдан былай - министрлік) белгілеуі бойынша шығарылған бағалы қағаздар айналысқа жіберіледі.

II. Акциялар

4. Акция - оны ұстаушыға (акционерге) эмитент пайдасының бір бөлігін дивиденд түрінде алуға, эмитент, істерін басқаруға қатысуға және ол жойылған соң қалған мүліктің бір бөлігіне иелік етуге және басқа да жағдайларға құқын көрсететін бағалы қағаз.

5. Акцияларды Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен, ал эмитент Жарғысында көрсетілген кейбір жағдайларда мүліктер беру жолымен акционерлер төлейді. Акциялардың құны салымдардың түріне қарамастан Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептелінеді. Акциялар инвесторларға олардың құны толық төленген соң ғана беріле алады.

6. Акционерлерге сол акциялардың номиналды құны сомасында акцияларға иелігін куәландыратын акционерлік сертификат (бағалы қағаз болып саналмайтын) беріледі.

Акциялардың номиналды құны 10 еселенген дәрежеде болуы керек.

Акциялар әртүрлі құнмен шығарылуы мүмкін, бірақ акцияның міндетті түрде бір дауыс құқын беретін төменгі құнының еселенген дәрежесінде болуы тиіс.

7. Акциялар оларға ашық жазылу, немесе барлық акцияларды құрылтайшылар арасында бөлу тәртібін - жабық жазылу жолымен таратылады.

8. Эмитент қарапайым және дәрежесі жоғары акциялар шығаруы мүмкін.

Қарапайым акциялар бойынша оларды ұстаушыларға эмитент пайдасына байланысты дивидендтер төленеді. Қарапайым акциялардың иесі акционерлердің жалпы жиналысында дауыс құқына ие болады, басқару органдары мен тексеру комиссияларының сайлауына және іскер саясатты жүргізуге бақылау жасауға қатысады.

Дәрежесі жоғары акциялар акционерлерге бюджетпен және несие берушілермен есеп айрысқан соң тіркелген дивидендтер алудың жоғары құқын, сондай-ақ эмитенттер жойылған жағдайда мүлікті бөлуге (қарапайым акциялардың иелері алдында) қатысу кезінде артықшылықтарға ие болу құқын береді.

Дәрежесі жоғары акциялардың иелері егер бұл жағдай оның жарғысында көрсетілмесе, эмитентті бөлуге қатысуға құқысы болмайды.

9. Жойылған жағдайда эмитент мүлкін бөлудегі артықшылықтары қоса есептелініп, дәрежесі жоғары акцияларды ұстаушылардың құқыларын жүзеге асыру тәртібі оның жарғысымен белгіленеді. Дәрежесі жоғары акциялар бойынша тіркелген дивидендтер нақты ақшалай немесе акциялардың номиналды құнының проценті түрінде төленеді. Мұндай акциялар бойынша дивидендтер төлеу тиісті уақытта немесе өткен жылы эмитент тапқан пайданың мөлшері көрсетілген хабарды Басқарма (Директорлар кеңесі) жарияланған соң жүргізіледі. Пайда жетіспеген жағдайда дәрежесі жоғары акциялар бойынша дивидендтер төлеу резерв қоры есебімен жүргізіледі.

Қарапайым акциялар бойынша акционерлерге төленетін дивидендтер мөлшері, егер дәрежесі жоғары акциялар бойынша төленуге тиісті табыс мөлшерінен асып кетсе, онда соңғы акциялардың иелеріне қарапайым акциялар бойынша төленетін дивидендтер мөлшерінде қосымша ақы беріледі.

Дәрежесі жоғары акцияларды эмитенттің жарғылық қорының 10 процентінен асып кететін сомасына шығаруға болмайды.

10. Акциялар тек қана арнаулы түрде шығарылады.

Арнаулы акциялар егер оларда бұған тиым салынатын жазу болмаса, индоссамент жолымен (акция жөніндегі құқылығын басқа адамға беруін тұжырымдайтын жазбалар) берілуі мүмкін.

Арнаулы акциялардың қозғалысы эмитент немесе эмитенттің келісімі бойынша мамандандырылған органдар жүргізетін тіркеу кітабына (акционерлер тіркелмесінде) жазылады. Оған әрбір арнаулы акциялар, акцияларды алған уақыты, сондай-ақ әрбір акционердегі акциялардың саны туралы мәліметтер енгізілуі керек. Акцияларды тіркеу кітабына (акционерлер тіркемесіне) жазу сәті акцияларға иелік құқын беру сәті болып саналады.

11. Акционерлердің және кепілдікті ұстаушылардың талап етуі

бойынша эмитент немесе акционерлерді тіркеуді жүргізетін мамандандырылған орган оларға тіркеу кітабынан акцияларға құқылығына қатысты тегін көшірме беруге міндетті.

Толық төленбеген акциялар туралы мәліметтермен көпшіліктің танысуына болады.

Акциялар қолданылып жүрген заңдылықтар тәртібімен кепілдікке берілуі мүмкін.

12. Акция бөлінбейді. Егер бір акция адамға тиесілі болса, онда олардың барлығы акцияны бірге ұстаушы деп саналады және олардың біреуі емесе жалпы өкілдері арқылы өз құқын жүзеге асырады.

13. Акцияның төмендегі реквизиттері болуы керек:

бағалы қағаздардың аты - "акция";

эмитенттің фирмалық аты және мекен-жайы;

акцияның рет саны және шығарылған күні;

акцияның түрі (қарапайым немесе дәрежесі жоғары) мен оның номиналдық құны, ұстаушының аты-жөні;

жарғылық қордың акция шыққан күнгі мөлшері және шығарылған акциялардың саны;

Эмитенттің өкілетті адамының қолы.

14. Эмитент жарғылық қор мөлшерінде ғана акциялар шығаруды жүзеге асырады.

15. Егер бұрынғы жарғылық қор толық өтелген болса, онда эмитент қосымша акциялар шығара алады.

Эмитенттің шаруашылық қызметіне байланысты шығындарды жабу үшін акциялар шығаруға тиым салынады.

16. Эмитенттің қарауындағы пайда есебінен акциялар бойынша дивидендтер мезгіл-мезгіл төленіп тұрады, қажеттілікке орай осы пайданың бір бөлігі жалпы мұқтаждыққа жұмсалады.

17. Эмитенттер шығарған акциялар оның барлық мүлкі арқылы қамтамасыз етіледі.

Акция эмитенттері таратылған кезде акция шығару жөніндегі барлық міндеттемелер құқықты мұрагерге көшеді.

III. Облигациялар

18. Облигация - белгіленген мерзімде облигацияны шығарушыдан облигацияның номиналдық құнын немесе басқа да мүлкітік эквивалентін алуға оны ұстаушының құқылығын куәландыратын бағалы қағаз. Облигация сонымен бірге оны ұстаушыға облигацияның номиналды құнынан сондағы

тіркелген процентті немесе басқа да мүліктер алу құқын береді.

Шаруашылық жүргізуші субъектінің облигация эмиссиясының көлемі оның жарғылық қорының 50 процентінен аспауы керек.

Облигацияның номиналды құны шектелмейді, бұл ретте ол 10 еселенген дәрежеде болуы керек.

19. Облигациялар шығару жүзеге асырылады:

заң шығарушы өкіметтің орталық органдарымен;

заң шығарушы өкіметтің жергілікті органдарымен;

меншік түріне қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілермен.

20. Облигациялар арнаулы және ұсынушыға арналып, процентті және процентсіз (мақсатты), еркін айналысқа түсетін немесе айналыс шеңбері шектелуі және Министрліктің белгілеуі бойынша басқаша түрлерде шығарылады.

21. Облигацияларды орналастырудан түскен қаржы оны шығарған кезде эмитент белгілеген мақсаттарға жұмсалады.

22. Барлық түрдегі облигациялар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен төленеді.

23. Акциялар шығарған эмитент жарғылық қоры акционерлер толық төлеген соң ғана облигациялар шығару туралы шешім қабылдай

алады.

24. Облигациялардың төмендегі реквизиттері болады:

бағалы қағаздың аты - "облигация";

эмитенттің фирмалық аты және мекен-жайы;

сатып алушының фирмалық аты немесе аты-жөні, немесе облигацияның оны ұсынушыға бергендігі көрсетілген жазба;

номиналдық құны, егер қарастырылса, онда процент мөлшері; өтеу және процент төлеу мерзімі, шығарылған жері мен күні, сондай-ақ облигацияның сериясы мен нөмірі, эмитенттің өкілетті адамдарының қолының ү л г і с і .

Олардың негізделіп шығарылған тауарын (қызметін) көрсету, мақсатты облигациялардың міндетті реквизиті болып табылады.

Облигациялар шығару жөніндегі шешімде көрсетілген облигацияларды өтеу тәртібі мен мерзімін эмитент белгілейді.

25. Облигацияларға негізгі бөлімінен басқа процент төлеуге купондық қағаз т і р к е л у і м ү м к і н .

Процент төлеуге арналған купонда төмендегі негізгі элементтер болуы керек: купонның рет саны, облигацияның сол бойынша процент төленетін нөмірі, эмитенттің аты-жөні, проценттерді төлеудің мерзімдері, облигация эмитентінің ө к і л е т т і а д а м ы н ы ң қ о л ы .

26. Меншік түріне қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектінің

облигациялары олардың иелеріне басқаруға қатысу құқын бермейді.

27. Меншік түріне қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілердің облигациялар шығару туралы шешімі оның жарғысында көрсетілген тәртіппен қабылданады және тиісті хаттамамен жасалынады.

28. Облигация сомасында көрсетілген проценттерді төлеу мен орнын жабу жөніндегі міндеттерін эмитенттер орындамаған немесе дер кезінде орындамаған жағдайда осы сомаларды өндіру Қазақстан Республикасында қолданылып отырған заңдылықтарға сәйкес еріксіз түрде өндіріліп алынады.

29. Займдарды өтеу мен сол бойынша процент төлеуге эмитенттер жауап береді.

IV. Мемлекеттік борыштық міндеттемелер

30. Мемлекеттік борыштық міндеттемелерге мыналар жатады:

қазыналық вексельдер;
қазыналық облигациялар;
қазыналық бондар.

31. Мемлекеттік борыштық міндеттемелер мынандай болуы мүмкін:
қысқа мерзімді (айналыс мерзімі бір жылға дейін) - қазыналық
вексельдер;
орта мерзімді (бір жылдан бес жылға дейін) - қазыналық
облигациялар;
ұзақ мерзімді (бес жылдан жиырма бес жылға дейін) - қазыналық
бондар.

32. Мемлекеттік борыштық міндеттемелерді шығару, олардың
айналымы мен өтеу тәртібі Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің
шешімі бойынша министрлік жасаған оларды шығару шарттарымен
анықталады.

V. Банкілік (депозитті) сертификаттар

33. Банкілік (депозитті) сертификаттар - заңды немесе жеке тұлғалардың
ақша қаражаттарын банкіге немесе басқа да несие мекемелеріне салғандығын
куәландыратын және оның иелерінің белгіленген уақыт өткеннен соң депозитті
және соның проценттің алуға құқылы екендігін дәлелдейтін бағалы қағаз.

34. Банкілік (депозиттерді) сертификаттарды шығару мен айналымын реттеу
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі (бұдан былай - Ұлттық Банкі)
белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

VI. Коммерциялық вексельдер

35. Коммерциялық вексель - вексель берушінің (қарапайым вексель)
ештеңемен тұжырымдалмаған міндеттемесін куәландыратын немесе вексельде
көрсетілген мерзімін тууына байланысты белгілі соманы иесіне (вексель
ұстаушыға) төлемшінің векселінде (аударма вексель) төлейтіні көрсетілген қатаң
түрде белгіленген бағалы қағаз.

36. Коммерциялық вексельдерді шығару мен айналымға түсіруді реттеу
Ұлттық Банкі белгілеген тәртіппен жүргізіледі.

VII. Бағалы қағаздарды тіркеу, шығару және айналымға түсіру тәртібі

37. Бағалы қағаздарды шығаруды, тіркеу мен айналымын реттеуді Қазақстан
Республикасының "Бағалы қағаздар және қор биржасы туралы" Заңы

қабылданғанға дейін Ұлттық комиссия жүзеге асырады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ